**ҚазҰУ командасы – туризм бойынша өткен Аймақтық Олимпиада үздігі**

# Kazakhstan, to me, is the most beautiful country in the world

**Holding my hand on my heart, I hear the beginning of the euphonic song that makes me shiver and smile since I haven't heard it for such a long time. It is September 1, and I am singing the national anthem of the Republic of Kazakhstan - my homeland. After a year in Russia, I have returned home. I remember how, after asking me where I was from, only a handful of people in Moscow knew Kazakhstan very well. However, I had to say only one word – "Borat" –for them to recollect my country. If, at first, I lambasted the stereotypes that character spawned, I later felt happy my country had earned renown through his hapless follies.**

I was one of the many in my homeland who never considering herself patriotic. If everything seemed usual for me here – such as eating horse meat or drinking camel's milk – in Moscow, I became a little ambassador of the Republic of Kazakhstan. During International Education Week, I felt not only responsible for presentations, but also eager to represent my country. I knew it was a rare opportunity to let people know more about our nation, which is not only the ninth largest in the world but also one abundant in natural resources, such as gas, mountains, sumptuous landscapes, and rare animals.

My nation has gone through many tough times, such as starvation and hunger in the 1930's, Stalin's camps, and the open testing of nuclear weapons in Semipalatinsk. Moreover, we always struggle with a severe climate. Kazakh people, however, carry in their veins, the blood of great nomads who,for many centuries, fought against intruders for the sole purpose of preserving their vast homelandso their progeny would live in a free country.

I gave presentations about my country in kindergartens and elementary, middle, and high schools. In the Schoolchildren's Palace I showed people how to cook Kazakh pancakes, performed our traditional dances, and taught a chamber choir a Kazakh song. I also organized a showing of the movie "The Nomads" so students in my school could understand the true spirit and nature of the Kazakh people. They were all surprised when I said that the main reason the Chinese built the Great Wall were Huns, ancestors of the Kazakhs. When humanity first sent a man into space on April 12, 1961, it was from Kazakh land. Within a week's time, I had given more than 33 presentations in different communities, education centers, and clubs, and, although I was exhausted, I was happy to do more!

I am a representative of a new generation, and I vie to attain a high quality of education and life not only for myself, but for all Kazakhs. Not long ago, I joined a volunteer group serving our region's rural districts. We teach village children and give them many books, disks and materials to aid in that effort. It is not enough, but I think it is a step in helping our country advance.

Kazakhstan, to me, is the most beautiful country in the world. I love it, but not only because I was born here. Many countries envy us, and they have many reasons to. We possess a large territory, containingall the world's delights: mountains, rivers, forests, deserts, lakes, and seas. Owing to this, we have clean air, wholesome food, and clean water to drink. Our historic monuments attest to our nation's long history. We must do everything to make our country progress in all fields. I am sure my country will prosper and believe in the younger generation of the Republic of Kazakhstan.

***Akbota AKHMETKALYIEVA,***
***student of Biological and Biotechnological faculty***

## АЙНАЛАҢДЫ НҰРЛАНДЫР!

Барлық адам атақ-даңқтың иесі бола бермес,
Алайда ұлы іс жоқ адамзатқа қолдан келмес.
Сонда да кішігірім көмектің маңызын да,
Жақсылықтың мәнін де толық ұғына бермес.

Биік шыңға жетсем деп құр армандап жүргенше,
Тұнып жатқан тың ойыңды іске асыр білгенше.
Қай аймағын әлемнің жүрсең-дағы мекендеп,
Айналаңды нұрландыр қолыңнан бар келгенше!

Жүрегінде жақсылық мекендеткен жамағат,
Байқампаз бол, жан-жағына мейіріммен қарайлап.
Қараңғы әлем төрінен қара бұлттар қашады,
Айналасын нұрландырып жүрсе әрбір адамзат!

***Данагүл СҰЛТАНОВА,***
***механика-математика факультетінің студенті***

## THE ARROW AND THE SONG, BY LONGFELLOW

I shot an arrow into the air,
It fell to earth. I knew not where;
For, so swiftly it flew, the sight
Could not follow it in its flight.
I breathed a song into the air,
It fell to earth, I knew not where;
For who has sight so keen and strong
Long, long afterward, in an oak
I found the arrow, still unbroke;
And the song, from beginning to end,
I found again in the heart of a friend.

Однажды в воздух бросил я стрелу;
И не известно, где она упала
И тот полет я вспомнить не могу,
хотя смотрел я с самого начала.
Однажды в небо песню я вздохнул
И не известно, где она пропала
Ее полет мне кажется, мелькнул
Но нет, мне просто показалось.
Спустя годы узнал я ту стрелу
Была она в дубовом дереве у луга
Нашлась и песня та, поверить не могу
Услышал я ее в добрейшем сердце друга.

***Калихан БЕКАРЫС,***
***студент 1 курса механико-математического факультета***

***Калифорния Купер***

# НӨСЕРДІҢ ШЫҢЫНА ЖҮЗІП ШЫҒУ

***(үзінді)***

Шіркін, ана деген бір ғажайып дүние емес пе ә?! Ол сенің бүкіл өміріңде жалғыз сенімді адамың! Егер де тірі болса. Көптеген аналар сені кім болсаң да, қандай болсаң да беріліп жақсы көреді. Ана махаббаты таза және кіршіксіз. Менің анамда сондай болған шығар?

Өмірде бір ерекше құбылыс, себебі бір орында қозғалмай, қатып тұрсаң да өмір жалғасып жатады. Өмір өзені арнасынан шығып ағып жатады және қайда болсаң да, қайда жүрсең де, әр уақытта сабаққа [illegible]ы! Бұл өмірде сенің бар мақсатың айналаңа қарап өмір ағымына бейімделу, есті болу! Кейде мен адамдардың өмірден шаршадым деп айтқанын естісем, қандай ессіздік деп қайран қалам! Бұл жерде менің Эллен апайымның сөзін келтіргім келеді. Ол «Өмір – сын сағатта нөсердің шыңына жүзіп жету» дейтұғын.

Мен құдайға сыйынғанда сұрайтыным: «Мені бұл өмірде ақылымнан адастырмағайсың!» Себебі, менің түсінігімше, әрбір адамның бұл әлемдегі ең басты мақсаты – өз өмірін тыныштық пен бақыттың ордасына айналдыру.

Менің анам өз өмірімен мені өмірге әкелген мезетте қоштасты. Үшеуміз түлдай жетім қалдық. Менің үлкен апам, ортаншы апам және мен.

Әкеміз тастап кеткеннен кейін, анам екі қызын асырау үшін талмай қызмет істепті. Анам шаршап шалдығып жүргенде, әкем тағы да бір қайтып оралған кезінде, осыдан бір көмек болар-ау деген үмітпен менің байғұс анамол кісімен қайта қосылыпты. Сосын маған жүкті болған, бірақ әкем арақ ішіп, мас болып тағы да әйелін балаларын тастап кетеді. Әкемнің озбырлығы мен сатқындығы анама қатты соққы болған болуы керек, болмысы сынып, рухы ойсыраған жағдайға жеткен шығар деп ойлаймын. Мен бірінші демімді алғанда, ол кісі соңғы демін алды...

Бір күні жақсылап түстік тамақ ішіп болғаннан кейін, Элен апайым екеуміз есік алдында жазғы бөлмеде отырғанбыз. Мен жұмсақ орындықта тербеліп, ол болса аяғы соңғы кезде ауыра бастағандықтан аяғын ағаш орындыққа көтеріп қойып, қисайып отырды. Айналамызда маса, шыбындар ызылдап жүр. Ол маған бұрылып, былай деді: «Өзің білесің, менің өмірімдесендердің болғандарыңа өте қуаныштымын. Мен сендердің арқаларыңда өзім істей алмайтын көп нәрсені істедім. Олардың бәрін істей алғаныма қуанамын. Менің отбасым болды, өз ошағым болды. Мен өзімді нөсерге қарсы, жоғары қарай жүзгендей сезінемін. Барлық істеген істерім де оңынан болды. Сендер де тамаша қыз болып өстіңдер. Сендерді мен мақтан тұтамын. Сендерде де бәрі жақсы».

Оның сөзін құптағандай, мен жымидым. «Апа,сіз нөсерге қарсы жоғары қарай жүзе алмайсыз ғой. Ол мүмкін емес. Жаңбырда жүзе алмайсыз, сіз өзенде немесе көлде ғана жүзе аласыз!»

Ол күлді. «Өмір жаңбырға көбірек ұқсайды. Ал өзен, көл деген төменде жатады. Сендер тек жүзіп үйренулерің керек, сонда суға секіресің де жүзіп кете бересің. Бірақ өмір сабағы бөлек, алдыңда еш уақытта күтпеген жауын сияқты сынақтар тұрады,сол жауында жүзу сабағын үйренулерің керек. Өмір нөсерін сендер іздемейсіңдер, нөсер сендерді іздеп табады. Кез келген жерде, кез келген уақытта. Сендер өмірдің қиындықтарын жеңуге және өздеріңді қорғауға дайын болуларың керек. Ал егер нөсер қайта-қайта құя берсе, сендерге күмістей жарқыраған күнге жету үшін қою бұлттардың арасымен жоғары қарай жүзуді үйренуге тура келеді».

Ол күлген жоқ. Мен де күлмедім. Мен көзім ұйқыға кеткенше ол кісінің айтқандарын көпке дейін ойлап жаттым. Мен оның айтқандарын әлі ұмытқан емеспін.

Келесі күні соқаны сүйретіп, өгіз өзі келді. Элен апам егістіктен қайтқан жоқ. Қараңғы түсіп кетті. Ақырында, ол кісі келмеген соң,өзім жыртылып жатқан егістік даласына іздеп келдім. Бір жамандық болғанын сезіп жылап келе жатырмын, апайымның атын айтып, айқайлап шақырам. Жанымда апамнан айырылып қалатындай үрей бар. Иә мен одан айырылдым.

Мен оны ұйықтаған адамдай болып жатқан күйінде ағаштың түбінен таптым. Қолында ұстаған ішінде бір түйір шошқа майымен наны бар. Бірақ ол ұйықтап жатқан жоқ еді, ол үзіліп кеткен. Мен оны ішке де кіргізе алмай, жалғыз тастап та кете алмай, түні бойы оны құшақтаған күйімде қатып, отырып қалыппын. Келесі күні бір қайырымды көршім соқа жегілген өгізді көріп және үйде ешкім жоқ екенін байқап бізді тауып алды.

Мен оны жерлеуге кигізетін кебін көйлегін тіктім. Оны жерлеу рәсімінде мен сырсандықта ойнадым. Оның сүйікті әні "Менің сүйіктім" болатын. Мен оған өмірдегінің бәрін істер едім. Мен сені жақсы көремін, менің сүйікті Элен апайым, анам. Ол маған көп нәрсені үйретті.Мен ол кісіге борыштармын.

***Аударған И. БАЙМҰРАТОВА***

**26 апреля – закрытие предметной Олимпиады «Аль-Фараби», в которой приняли участие более 10000 учащихся Казахстана**

# АРМАН АЛДАМАЙДЫ



***Мектеп қабырғасында жүргенде қазақ балаларының шам-шырағына айналған "Ұлан" газетінде алғаш жарық көрген материалдарымды оқығанда ерекше тебіреністе болғаным рас.*** Ол кезде газеттің бас редакторы белгілі жазушы, аудармашы Сұлтан Қалиұлы болатын. Балаң көңілмен көз алдымдағы жайттарды бұрқыратып жазып, "Қазпошта" арқылы "Ұлан" газетіне жіберіп жүрдім. Бірде аталған басылымның 70 жылдығына орай "Қарлығаштар" фестиваліне шақырту келді. Мектеп басшылығы бірден қолдап, барлық жағдайды жасады. Осы шараның бағдарламасы бойынша үшінші күні қасиетті қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетіне саяхат жасадық. Дәріс оқып бізге үміт сыйлаған ұстаздар әлі есімде... Сөз жоқ, оқу орнындағы телевизия асханасын көру асқақ армандарға жетеледі. Сол сәтте алдыма осы оқу орнында оқимын, білім аламын деген мақсат қойдым. Шүкір, арада 4 жыл өтіп осы білім ордасына топ ете қалдым. Араға көп уақыт салмай сол кездегі "Қазақ университеті" газетінің бас редакторы, белгілі ақын Бекжан Әшірбаевтың шақыруымен жұмысқа қабылдандым. Үлкен қалада, ірі ортада штатқа бірден кіруім зор жауапкершілік жүктеді. Алғашқы жұмыс үстеліме отырып, тапсырмаларды орындау үлкен мектеп болды десем артық айтқандық болмас.

Ел рухын оятқан "Қазақ" газетінің шыққанына 100 жыл болса, университет жаршысы болған "Қазақ университеті" газетіне 65 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында газет ірі шығармашылық ұяға айналды. Аса көрнекті қоғам қайраткерлері Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Е. Бекмаханов, Ә. Марғұлан секілді азаматтар университет қабырғасында дәріс оқып, өзегін өрттей шарпыған мәселелерін газетке басты. Толқынды толқын қуып ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне түсуді армандайтын қаншама дарынды, талантты жастар талаптың пырағына мінді. Арманым алдамай, үмітім үгітілмей осы оқу орнында оқып, газетте азды-көпті жұмыс істегеніме разымын. Осы тұста бүгінгі күнге дейін газеттің шығуына өз үлесін қосқан барша қаламгерлердің еңбегі өлшеусіз екенін айтқым келеді. Редакция ұжымына шығармашылық табыс тілеймін.

***Ысқақ ДҮЙСЕМБАЙҰЛЫ,***
***"Хабар" агенттігі бағдарламалар бөлімінің продюсері***

# Менің төл газетім



***Мектеп-гимназия әкімшілігі қай университетке түскіміз келетіндігін анықтауды қалап, сауалнама толтыртқызды.*** Көбіміздің арманымыз – Алматы. Мектеп басшылығы әр түрлі оқу орындары туралы анықтамалықтар мен брошюралар әкеліп таратты. Сол кезде көзіме көк түсті бір газет шалынды, маңдайшасында Әл-Фараби бабамыздың суреті бейнеленген «Қазақ университеті» газеті екен. Мен өзімнің болашақ университетіммен және журналист ретіндегі алғашқы мақалаларым шығатын әрі алғаш еңбек тәжірибесін жинайтын төл газетіммен бірінші рет осылайша таныстым...

Армандаған мамандығыма грант иегері ретінде оқуға қабылданып, үкілі үмітім көрініс тапқан мақаламды алып, «Қазақ университеті» газетінің редакциясына бардым. Араға бірер апта өткен соң, бір баған болып, «Менің өмірлік мақсатым» атты мақалам суретіммен бірге жарық көрді.

Университет жастарының өзін-өзі басқару органы болып саналатын «Студенттер сенатына» біраз уақыт жетекшілік еткен соң, 2004-2006 жылдар аралығында «Қазақ университетінде» газеттің кезекші редакторы болып, Бекжан Әшірбаев, Дариға Амангельдиева сияқты тәжірибелі журналистермен бірге жұмыс атқардым.

Қазіргі таңда «Қазақ университеті» газетінің шығу жиілігі артып, апта сайын жарық көре бастағаны қуанарлық жайт.

Университет сайтына «Қазақ университетінің» әр нөмірінің электронды нұсқасын орнатылатындығы оқырман жүгін жеңілдетіп тұрғандай. «Қазақ университеті» газетінің редакциясында жұмыс жасап жүріп редакторлық пен баспасөз саласының асханасына бойлай еніп, мол тәжірибе жинақтадым. Қазіргі таңда Астанадағы ҚазМедиа орталығында өзімнің сүйікті кәсібіммен айналысу кезінде қандай да бір білімділік пен біліктілік үлгісін көрсете алып жатсам, ол осы жоғарыда аталған өмір мектептерінің арқасында екені даусыз.

Төл газетіме баспасөз айдынында ұлттық университеттің жақсы жаңалықтарының жаршысы болып, алдағы уақытта да құлашын кеңге сермеуге тілектеспін.

***Алма САЙЛАУҚЫЗЫ,***
***«Хабар» арнасының продюсері***

# УНИВЕРСИТЕТ ГАЗЕТІ – БОЛАШАҚ МАМАН БЕЙНЕСІ

**Университеттік газеттер арқылы студенттерді ұлттық-патриоттық сезімге, мемлекеттік принципшілдікке баулимыз. Университет газеті қалай сөйлесе, білім ордасында даярланған болашақ мамандар солай сөйлейтін болады. Осы ретте университеттік газеттер өте қажет. Публицист-журналист, профессор Кәкен Хамзин 17 сәуірде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің төл басылымы «Қазақ университеті» газетінің 65 жылдық мерейтойына орай, «Қазіргі кездегі ұлттық ақпараттық кеңістіктің дамуы» атты өткен дөңгелек үстелде осындай ойымен бөлісті. Сондай-ақ, профессор 65 жылға толып отырған «Қазақ университеті» газетінің кешегісі мен бүгініне тоқталып өтті. Кезінде «А-4» форматымен парақша-листовкадай жарық көрген басылымның бүгінде беттелуі жақсарғандығын, мән-мазмұнының толықсығандығын атады. Газетке өзі басшылық еткен жылдарға тоқталып, бүгінгі редакция ұжымына шығармашылық табыс тіледі.**

Дөңгелек үстел барысында сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, тілшілер қауымы келіп «Қазақ университеті» газетінің 65 жылдық мерейтойына орай өткізіліп отырған «Қазіргі кездегі ұлттық ақпараттық кеңістіктің дамуы» тақырыбы аясында пікірлерімен бөлісті. Ұлттық журналистік зерттеу орталығының президенті Дәрмен Смайыл «Қазақ университеті» газетін оқиғаны тудыратын басылым деп атады. «Бұл басылым республикалық деңгейде апта сайын жарық көріп отыр. «Қазақ университеті» қазақ журналистерінің ұстаханасы, шеберханасы болды. Олар осы ортада өсті, өнді», – дейді Дәрмен Смайыл. Осы ретте бүгінде 65-ке келген «Қазақ университетіне» әр жылдары Шериаздан Елеукенов, Абдул-Хамид Мархабаев, Дандай Ысқақ, Кәкен Хамзин, Қайрат Сақ, Сағатбек Медеубекұлы, Бекжан Әшірбаев, Дәрмен Смайыл сияқты майталман журналистер бас редакторлық еткендіктерін ерекше атауға болады. Дәл осы тұста журналистика факультетінің деканы, профессор Өмірхан Әбдимановтың «Қазақ университеті» газетінің бас редакторларының тізімі мықты, аруағы мықты, шаңырағы мықты» деген теңеуі орынды айтылғаны сөзсіз.



*Рүстемнің фотосы*

«Қазақ университеті» газетінің мерейтойын атай отырып, бүгінгі ұлттық ақпараттық кеңістіктің дамуына өз пікірін білдірген «Ана тілі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Нұрперзент Домбай ҚазҰУ-дың төл басылымын "үлкен ғұмыры, терең тарихы" бар деп атап, редакция ұжымына деген жылы лебізімен бөліскеннен кейін қазіргі кездегі ұлттық ақпараттық кеңістіктің дамуы жайында сөз қозғады. Ол газет беттерінде ана тіліне қатысты тақырыптарды, ұлттық мәселелерді көбірек көтеруді, жастар шығармашылығына қолдау танытуды, әлеуметтік мәселелерді, проблемалық тақырыптарды жиі жариялауды баса айтты. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің мұндай қадау-қадау талап-тілектері жас журналистер қауымына ұлттық ақпараттық кеңістікті дамыту үшін айқын бағдар сілтеп отырғандығы сөзсіз. Ақын, «Заң» газетінің бас редакторы Бекжан Әшірбаевтың сөзіне сүйенер болсақ, газеттер идеологиялық тұрғыдан керек басылымдар. Ал жоғары оқу орындары үшін басылым шығару – болашақ мамандарды, жастарды идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеу үшін таптырмас құрал.

«Қазақ университеті» газетінің 65 жылдық мерейтойына орай, «Қазіргі кездегі ұлттық ақпараттық кеңістіктің дамуы» атты дөңгелек үстел барысында арнайы жиналған БАҚ өкілдері осындай көдеге жарар кеңестерімен бөлісті.

Алқалы жиынның соңында ҚазҰУ-дың әр факультетіндегі оқытушы-профессорлары, студенттері, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері «Қазақ университеті» газетіне авторлық белсенділік танытқаны үшін университет басшылығы тарапынан алғыс хаттармен марапатталды.

***Сәягүл ӘЛІМБЕКОВА***

# Праздник красоты и грации

***В спорткомплексе КазНУ прошел XV открытый фестиваль аэробики среди алматинских вузов, в котором приняли участие более 20 команд.***

В судейскую коллегию фестиваля вошли тренеры-инструкторы Ассоциации аэробики г. Алматы. Они оценивали участниц в трех номинациях: степ-аэробика, спортивная аэробика и танцевальная аэробика. Последняя, в свою очередь, подразделялась на аэробику в стиле «Латино», «Современный танец» и «Народный танец».

Все команды показали высокое мастерство и исполнительское искусство. Представители КазНУ заняли первые места в номинациях: «Степ-аэробика» - команда «DREAM WAY» факультета химии и химической технологии, «Спортивная аэробика» - «Экономикс» ВШЭиБ, «Танцевальная аэробика» в стиле «Латино» - «Kitti» факультета географии и природопользования, «Танцевальная аэробика» в стиле «Народный танец» - «Айбике» механико-математического факультета. В номинации «Танцевальная аэробика» в стиле «Современный танец» первое место завоевала команда Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

Яркими показательными номерами отличилась команда «Лакки Гайс» факультета химии и химической технологии, а также студентки факультетов географии и природопользования Гульназ Жоланова и журналистики Салтанат Сагитова.

Кроме основных, награждения состоялись по номинациям: «Мисс Креативность» удостоена Камелия Рахманова (ФМО), «Мисс Аэробика» - Дана Мендыбаева (ФФиП), «Мисс Очарование» - Мольдыр Бакдаулет (мех-мат), «Мисс Улыбка» - Асем Аманкул (физ-тех).

Фестиваль был организован преподавателями кафедры физического воспитания и спорта КазНУ и прошел на высоком профессиональном уровне.

***О. ЦЫБУЛЬКО,***
***старший преподаватель кафедры физического воспитания и спорта***

# Гүлдер егілді

**«Айналаңды нұрландыр жобасы аясында жуырда география және табиғатты пайдалану факультетінде геодезия және картография мамандығының 3 курс студенттері куратор-эдвайзер Асылбекова Айжан Асылбекқызының жетекшілігімен факультеттің әр бөлмесін гүлдермен көгалдандырды.**



Факультеттің ауласында 100-ден аса қыш құмыраға үй раушан гүлінен бастап емдік қасиеті бар алоэ гүліне дейінгі үй өсімдіктерінің көптеген түрлері отырғызылды. Көгалдандыру жұмысына студенттердің қызығушылығын арттыру мен назарын аудару мақсатында, барлық жұмыстар факультетіміздің студенттері мен оқытушыларының көз алдарында өткізілді. Барлық егілген гүлдер география және табиғатты пайдалану факультетіне, факультет деканаты мен кафедраларға сыйға берілді.

Енді факультет ғимаратының кез келген бұрышынан көрінетін құмырадағы гүлдер көз тартады. География және табиғатты пайдалану факультетінің геодезия және картография мамандығының студенттері өткізген бұл акция университеттің барлық факультеттеріне үлгі болуы тиіс. «Гүл өссе, жердің көркі» деп қазақ халқымыз бекерге айтпаған. Айналадағы сұлулықты аялап, қорғай білейік!

***Айым ОРЫНБАЙҚЫЗЫ,***
***география және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті***

# «100 кітап» апталығы




***2013 жылғы 22-26 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәрбие жұмысы жөніндегі депатраменттің ұйымдастыруымен жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы өтеді.***

Оқу адамзаттың жан-жақты да белсенді болуына ықпал ететінін және жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуындағы маңызды функцияны атқаратынын мойындай отырып, қоғамды дамытудағы басым міндеттердің бірі ретінде оқуды қолдауды қарастыра келе, 25 наурыз және 25-сәуір аралығында «Бір факультет – бір кітап» байқауы жарияланған болатын.

Осыған орай, әр факультетте «100 кітап» тізімінен таңдалған кітап бойынша кураторлық сағаттар, әдеби кештер, кітап жайлы көрсетілімдер мен талқылаулар, жазушылармен, актерлармен кездесулер, телемарафондар, клуб отырыстары, шығармашылық қойылымдар өтуде.

«100 кітап» апталығында байқаудың ең белсенді қатысушылары анықталады және қорытындысы шығарылады.

***Шынар КАНАФЬЕВА***

# ЖАРЫҚТЫ ӨШІР, СУДЫ ҮНЕМДЕ, БІР ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАДЫМ ДЕ!

География және табиғатты пайдалану факультетінің геоинформатика және картография кафедрасында «Green Campus» жобасы аясында Алматы энергетика жә[illegible] байланыс институтының профессоры, техни[illegible] ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Халықаралық энергетика академиясының академигі, ҚР еңбегі сіңген энергетигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алияров Бірлесбек Қаниұлымен кездесу өтті. Кездесуде республика көлемінде энергияны қалай сақтаудың жолдары және ол үшін жасалынып жатқан іс-шаралар жайы талқыланды. Бірлесбек Қаниұлы кездесуде жарықты үнемдеудің түрлі себеп-салдарымен қоса өзінің энергетика сапасындағы өмірлік тәжірибесімен бөлісті.

«Жалпы пайдалы қазбаларды энергияға айналдырып, тұтынушыға жеткізу: пайдалы қазбаларды өндіру, өңдеу, тасымалдау және тұтыну кезеңдерінен тұрады. Энергия жоғалту халықтың орналасқан жері мен орналасу жағдайына да байланысты болады. Мысалы, жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, Бел[illegible]да энергия жоғалту пайызы төмен - 8%[illegible]ым. Бельгия мемлекетінің кішкентай болуымен және халықтың тығыз орналасуымен түсіндіруге болады. Ал Түркияда энергия жоғалту өте жоғары – 17%. Бұл көрсетк[illegible] Қазақстаннан да көп болып табыла[illegible] (14%). Себебі Түркия мемлекеті кішкента[illegible] болғанымен халық шашыраңқы орналасқан. Ал Қазақстан территориясы үлкен болғанымен халық тығыз орналасқан және де энергия тасымалдау үшін аз шығындалатын, кернеулігі аз қалың сымдар қолданылады», – дейді Бірлесбек Алияров.

***Е.Х. КАКИМЖАНОВ,***
***Картография және геоинформатика кафедрасының аға оқытушысы***

# Победа за нами!

**В VII летней Универсиаде Казахстана, прошедшей в г. Павлодар, мужская команда КазНУ по настольному теннису заняла первое место, а женская - вторую позицию.**

В Универсиаде, которая традиционно проводится с 2001 года, в состязаниях по настольному теннису приняли участие 13 мужских и 17 женских команд. Наш университет достойно представляли студенты Т. Кельбуганов, А. Тронин, Р. Хавазматов, Т. Власова, К. Госсен, А. Тулепбергенова.

Несмотря на высокую конкуренцию, студенты КазНУ подтвердили свое лидерство в этом виде спорта. Юноши в четвертый раз подряд порадовали высоким результатом. В этом большая заслуга и их тренеров К.Джаркешева и Т.Бейсалиева.

По итогам соревнований Тимур Кельбуганов получил путевку на Чемпионат мира по настольному теннису, который пройдет во Франции. Командам в июле текущего года предстоит принять участие во Всемирной Универсиаде в г. Казань (РФ). Желаем нашим спортсменам упорства и удачного выступления!

***Асемгуль СЫЗДЫКОВА***

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
*Бас редактор* – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
*Жауапты хатшы* – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
*Тілші* – **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
*Корректорлар:* **Гүлжан РУСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**
*Беттеуші* – **Айжан ЖАҚЫПОВА**
*Фототілшілер:* **Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
**050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.**
**Байланыс телефоны:**
**377-33-30, ішкі: 11-94,**
**тікелей: 377-31-48.**

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана.**
**Тапсырыс № 10423**

• Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
• Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.